

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



## «Отбасылық қарым –қатынас. Окушы жарғысы»

Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы К.

2022 – 2023 оқу жылы

### *Ата – аналар салтасы:*

Тақырыбы: «Отбасылық қарым – қатынас. Оқушы жарғысы»

Мақсаты; ата –ана мен баланың арасындағы қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Қажетті құралдар ; нақыл сөздер, ақ парақ, маркер.

Тренинг барысы;

1. Сәлемдесу, жақсы көніл-күй қалыптастыру

2. «Ассоциация» ойыны (доп беру арқылы ата-ана жауап береді)

3. « Қызықты сұрақтар» ойыны

4. Сүйікті жемісінің қандай?

5. Ой толғау « Қарым-қатынас дегеніміз не?»

6. «Эмоция» ойыны(шармен)

7. Ой жинақтау

8. Қорытынды сөз

9. Кері байланыс. Тілек шогы

Көнілді әуен ойнап тұрады

1. -Сәлеметсіздер ме, қадірлі қонақтар. Қош келіпсіздер.

Әрбір адам – өмірге келген қонақ. Өмір өте мәнді мағыналы, мазмұнды өту үшін «қамшының сабындағы ғана қысқа өмірде» адамдардың бір – бірімен сыйластықта болғанына не жетсін?! Олай болса, бүгінгі тренингіміз осы қарым – қатынас жасай білудің үлкен өнер екенін ұғынуға мүмкіндік береді.

Тренинг өтілу барысындағы ұстанымдарымен таныстырып өтейін.

« Қазір және осы жерде», Тенденция және ынтамастық; Топта болған жағдай, дәл осы жерде қалу керек, сыртқа айтпау; Тренингке қатысушы белсенді болу керек; Серіктесініздің жеке гүлгасы емес іс – әрекетін сынға алыныз; Пікілер нақты, қозғалып отырған мәселеге байланысты болу керек; Топтың жұмыс тәртібін, сондай – ақ жаттығулардың орындалуын сактау қажет.

2. «Ассоциация» ойыны (доп беру арқылы ата-ана жауап береді)

«Жанұя», «Бала», «Ата –ана» сөзіне ассоцияларын айтады.

3. « Қызықты сұрақтар» ойыны,

1. Балаңыздың туган күні қашан?

2. Балаңыздың сынып жетекшісі кім?

3. Балаңыздың аяқ киім өлшемі?

4. Балаңыздың парталас көршісі кім?

5. Бүгін сабактан қандай баға алды?

6. Балаңың сүйікті асы қандай?

7. Балаңыздың сүйікті түсі?

8. Балаңыздың ренжіген қалай білесіз?

9. Балаңыз спорттың қандай түрін ұнатады?

10. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?

11. Балаңыз сізді ренжіткенде, ен алдымен қандай сөз аузыңызға түседі?

13. Балаңыздың ен жақын досы?
  14. Балаңыздың үлгі тұтатын адамы?
  15. Балаңыздың сүйікті пәні?
  4. Сүйікті жемісіңіз қандай?
- Мақсаты: Мінез-құлықты анықтау

### Әрік

Еліміздің онгустік өнірінде көп өсетін өрікті сүйіп жейтіндер кен пейілді, акқоніл келеді. Басқалар сізді ұялшақ, батылсыз санай алады, алайда сіз өзінізді өкпелетуге жол бермейсіз. Сіздің жан досынызben қатар, қасыныз да бар. Жалпы сізді өнерге жақын адам десе болады.

### Алма

Гүрлі жемістер арасында қарапайым алманы таңдайтын жандыдастүрлерді ұстанатын еңбеккор адам деп сипаттайды. Өз жұмысын жақсы біліп, уақытында орындайтындарды әрине басшылық да жақсы көреді. Сол себепті жұмыста аса үлкен қындықтарыныз болмайды. Алайда жұмыстан тыс кездері сіз сезімдерге берілгіш, әсершіл жансыз. Түкке ғұрмайтын себептермен көнілініз босап қалатын жағдайлар да кездеседі.

### Шие

Жазда қатты қутетін жидек – шиені жемістердің арасынан бөлекtek, ерекше сүйетіндер өмірлік жағдайларды жүрекке тым жақын қабылдайды. Шиеге құмар жандар үшін басқалармен жақсы қарым-қатынас өте манызды. Біреудің көнілін көтеруге, қындығымен бөлісуге әркез дайынсыз. Шиені сүйіп жейтіндер – жақсы тыңдармандар. Есесіне бұндай адам тез әрі онай өкпелейді.

### Шабдалы

Әзілді жақсы көретін, әркез көнілді жандардың көбісі сүйікті жемісі ретінде шабдалыны атайды. Олар достарының, таныстарының арасында уақыт өткізгенде ұнатады. Сізді өте ақылды жан деуге болады, алайда қындықтар алдында кей кездері корқып қалатыныңыз да бар.

### Танқурай

Танқурай жидегін таңдайтындар басқаларға қарағанда, өзінің қамын ойлады. Есесіне мұндай адам өз істеріне жауапты болып, өз істерін әр уақыт реттеп жүреді.

### Банан

Тропикалық жемісті сүйіп жейтіндер мейірімді келеді. Бір қызығы сізді қөпшілік тәкаппар деп санайды. Шын мәнінде банан сүйгіш жандар арманшыл, әсершіл болады.

Армандарының орындалмауына тек сіздің жалқаулығыныз кінәлі.

### Құлпынай

Құлпынайға құмар жандар әркез құлімсіреп жүреді. Олар қонақжай, басқалармен қарым-қатынасты оңайлықпен реттейді. Құлпынай сүйгіштер – жоғары талғам иесі.

махаббатта бұл адам құрт өзгеріп, өз жүбын қызғанып, тез арада ашулана алады.

### Лимон

Лимонды жеміс ретінде ұнататын, сүйіп жетіндер аз емес екен. Мамандардың айтудынша, мұндай қышқыл сүйгіш адамдар талай өмір тәжірибесінен өткен.

### Грейпфрут

Елімізде аса танымалдықка ие емес цитрусты жемістің тагы да бір түрі – грейпфрутты сүйетіндер өмірге жақсы көзкараспен қарайды. Барлық өмірлік жағдайлардың тек он жактарын байқап, әркез қуанышты, бақытты болуға тырысады.

### Киви

Жасыл қышқыл жеміс түрін сүйіктім деп айта алатындарды уайымшылдеуге болады. Олар ертенгі күніне аса үміт артпайды, жиі жағдайда қолын қусырып отырады. Сізге өмірге деген көзкарасынызды өзгертіп, уайым-қайғыны артта қалдыру керек.

### Жұзім

Жұзімнің түр-түрін ұнататындар өз сөзіне берік, басқалардың сырларын сақтай алатын адамдар. Алайда бұл кісінің тұйықтығы соншалықты, оның достары көп бола бермейді. Сізге кішкене ашық болуды үйрену керек.

### Ананас

Экзотикалық жеміске құмар жандар барлық әдемі заттарды ұнатады. Мұндай кісі тіпті әдемі сөйлеуге де дағыланған. Осының арқасында қоршаған органың назарында болып, басқалар арасында үлкен абырайға ие.

### Қараөрік

Қараөрік – өте дәмді әрі пайдалы жеміс. Алайда психолог мамандар бұл жидекті ғандайтындарды көңілсіз жандар деп сипаттайды. Басқаларға шағым айтқанды қойып, өкпеден арылып, кішкене демалған сізге пайдалы.

### Алмұрт

Шырынды алмұртты таңдайтын жандар өзімен-өзі қалғанды ұнатады. Мұндай адам өзін жалғыз сезбейді, ол басқалармен үлкен ара қашықтықта тілдескенді таңдайды. Алмұртқа құмар жандар барлық заттарды: киімді, кітапты, тағамды жоғары талғаммен таңдайды.

### Қарбыз

Жазды тек осы үлкен жеміс үшін ұнататындар өмірге оңай қарайды, олар әркез көнілді, еш уақыт үайым-қайғыга салынбайды. Басқалармен тілдескенді, оларға көмектескенді де ұнатады.

Ал сіздің сүйікті жемісінің қандай?

5. Ой толғау . «Қарым –қатынас дегеніміз не?». Ата-аналар үш топқа бөлініп, өз ойларын қоргайды.

Қарым –қатынас ол адамдардың бір –бірімен білім, еңбек, жан дүниесі туралы ашылып сойлесуі, қарым –қатынас арқылы адамның жақсы жақтарын көре алады.

2.Баламызбен үнемі қарым –қатынаста боламыз ба?

3.Бала үшін қарым –қатынас қажет пе?

- 5.Баламен ата –ана арасындағы қарым –қатынастар ылғи жақсы бола бере мә,әлде қарым –  
қатынаста қындықтар туда ма?Туса олар не себептен болады?.
- 6.Бала мен ата –ана арасындағы кикілжіннің жи тууына кім кінәлі деп ойлайсыз?
- 7.Қарым –қатынасқа үйрену керек пе?  
Жақсы қарым –қатыс үшін ең алдымен сабырлық,салиқалық қажет.
6. «Эмоция» ойыны (шармен)

Үш топқа шар беріп,ұрлеуін сұраймын.Бірінші топ шарды ұрлеп,аузын байлап,жарады  
Екінші топ шарды ұрлеп,желін жаймен шығарады.Қай шардың жарылуы ұнады.  
Талдау;Біздің эмоцияларымыздыда осы шар сияқты ашу ызанды толық шығарып жіберсең  
басқа адамдармен қарым –қатынасыңа зияны тиеді. Адамдармен қарым –қатынаста  
сабырлық қажет.

- 7.Ой жинақтау.  
Бала мен ата-ана арасындағы қарым –қатынас қандай болу керек? (сурет схемамен талдау)  
Достық

Ата –ана Сыйластық Бала

Тұсіністік

- 8.Қорытынды. Ұлы Абай атамыз 38 –қара сөзінде ; «Қашан баланың ғылым білімге  
махаббаты оянғанда ол адам бола бастайды.Оның адам болғанына 3 түрлі нәрсе себеп  
болады. Бірінші жақсы ата-ана,екінші жақсы ұстаз,үшінші -жақсы құрбы –құрдас», -деген  
екен.Сондықтан да балаларымызбен үнемі жақсы қатынаста болады.

- 9.Кері байланыс.Тілек шоғы.



Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A52



Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A52



Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A52

Ата – аналар сағатынан үзінді